

**С.Д.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ**



**КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА**

“Фармацевт-менеджер” модулі

СӨЖ

**“Табыс” экономикалық көрсеткіші:
сипаттамасы, жіктелуі және мағынасы. Есептеу
методикасы, талдау, жоспарлау және болжау**

**Тексерген: Елшібекова Қ.
Орындаған: Омралиева М.
Тобы: ФА12-004-01**

Алматы, 2016

ЖОСПАР:

- **I. КІРІСПЕ**
- **II. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**
 - 1. Табыс түрлері
 - 2. Жалпы табыс.
 - 3. Жалпы табысты өлшеу.
- **III. ҚОРЫТЫНДЫ**
- **Пайдаланылған әдебиеттер.**

КІРІСПЕ

- **Табыс** өткізілген, сатылған, жеткізілген өнім үшін, көрсетілген қызмет үшін, сондай-ақ бағалы қағаздар шығарылымын таратү нәтижесінде шотқа келіп түскен ақшалай түсім мағынасында кеңінен қолданылады.
- Тындырылған қайсыбір істің нәтижесінде түскен нәрсені, келген пайданы да **табыс** деп атайды.



- ▶ Табыс – есепті кезең аралығындағы активтер ағымы немесе өсуі немесе банк қызметінің табыс алуға бағытталған және капиталды өзгерте алатын түрлерінің нәтижесінде орын алған, жалпы қабылданған есептілік қағидаларына сәйкесөлшенген және мойындалған несиелік қарыздың азаюы нысанындағы экономикалық пайданың көбеюі.



Түрлері


- **Материалдық табыс** – сатып алу, өтеусіз табыстау, өз күшімен дайындау нәтижесінде еңбек заттарының толықтырылуы.
- **Негізгі құрал-жабдық (қор) табысы** – кәсіпорында күрделі қаржы жұмсау, негізгі мал табынын қалыптастыру, басқа кәсіпорындардан объектілерді өтеусіз алу нәтижесінде негізгі құрал-жабдықтың толықтырылуы;


Саудадағы тауарлар табысы – тауарлардың түсуіне және ресімделуіне байланысты жүргізілетін шаруашылық операциялары.

Жалпы табыс – бизнестің қайсыбір саласында жұмсалған шығынды, төленген салықты, т.б. шегергенге дейінгі уақыт кезеңінде алынған бүкіл ақшалай сома.

Сыртқы төлем табысы – шикізатқа, салыққа, т.б. жұмсалған шығынды шегергеннен кейінгі уақыт кезеңінде алынған ақшаның жалпы сомасы.

- **Тарату табысы** – мерзімі өтіп кеткен ипотек. несиені не сату есебінен, не несиеге құқықты басқаға беру жолымен жоюдан, мүлікті иелену құқығын сатудан, кепілге салынған мүлікті сатудан, сондай-ақ кәсіпорынды, фирманы, т.б. тарату (қызметін тоқтату) кезінде мүлікті сатудан алынған қолма-қол қаражат.
- **Қорланған табысы** – қызмет көрсету немесе тауар жеткізу бойынша дебиторлық берешекті (алашақты) өтеу мерзімі әлі басталмаған кездегі табысқа жатады, яғни тіркелмеген табыс.
- **Күтулі табыс** – ұйымның жеткізілген тауарлар, көрсетілген қызметтер үшін тапсырыскерлерден алуға тиіс сомасы.

- 
- Қалыпты табыс – шығын элементі. Бұл дәріхананың (фирманың) дамуына дем беру үшін резерв түзетіндей және шығынды жабатындай минимальды табыс.
 - Ал жалпы табыс тауарларды сату нәтижесінде, сонымен бірге дәріхананың сатуымен байланысты емес қызметінің (қызмет көрсету) нәтижесінде алынуы мүмкін.



Жалпы табыс көлеміне мынадай факторлар әсер етеді:

- *Бөлшек және сатып алу бағаларының өзгеруі.* Бөлшек сауда бағасы өзгермей сатып алу бағасының төмендеуі жалпы табысты жоғарылатады. Сатып алу бағасы өзгермей бөлшек сауда бағасының төмендеуі жалпы табысты төмендетеді.

- *Дәріхананың сату көлемінің өзгеруі және жоспардың орындалу барысында ауытқуы.* Егер сату көлемінің жоспары орындалмаса, онда жалпы табыс бойынша жоспар да орындалмайды.
- *Тауарлар қоры (оптимальды).* Тауарлар қорының мөлшері аз болғанда, дәріхана сату көлемін қажетті деңгейде ұстай алмайды, халықтың қажеттілігін толығымен қанағаттандыра алмайды.

тауарлар қоры көп болғанда, тауарларды сақтау бойынша шығын жоғарылайды, тауарайналысы төмендейді, тауарды өндіруге берілген капитал тоқтайды, соның нәтижесінде табыс азаяды.


- *Сатуды ұйымдастыру*, көбінесе тауарды делдалдар арқылы немесе оларсыз сатып алу, тауарларды халыққа немесе емдеу-алдын алу ұйымдарына сату, тауарлық номенклатураға байланысты сату құрылымы.

- Дәріхананың табысы белгілі бір дәрежеде шығын айналымының шамасына байланысты болады. Шығын айналымының деңгейінің төмендеуі рентабельділік деңгейінің өсуіне мүмкіндік жасайды. Дәріхананың табысына әртүрлі жоспарланбаған шығындар, тауарлардың сынуы және бүлінуінен болған жоғалулар, айыптарды төлеу, дебиторлық қарыздарды төлеуден болған шығындар, ұрлықтар және басқа да шығындар кері әсерін тигізеді.

- Жалпы табыс абсолютті көрсеткіштерде (теңге) және салыстырмалы көрсеткіште (жалпы табыс деңгейі немесе сауда маржасы) өлшенеді:

$$\text{Дж.т.} = \frac{\Sigma \text{Жалпы табыс}}{\text{Б.с.б.}-\text{ғы сату көлемі}} \times 100\%$$





Жалпы табыс бір жылға және тоқсандар бойынша болжанады. Жалпы табысты болжау үшін келесі әдістемелік ыңғайлар қолданылады: келесі жылға есептеу салыстырмалы көрсеткіштен басталады, сонан кейін абсолютті көрсеткішке теңгеде анықтайды:

1. Бірнеше жылдардағы жалпы табыс деңгейіне талдау жүргізеді, тенденциясын табады және оны жоспарлы кезеңге немесе жоспарлы жылға аударып, шығынды жабуды қамтамасыз ететін жалпы табыс деңгейін анықтайды (таза табыстың белгілі бір проценті).

- 2. Жалпы табыс сомасын былай анықтайды:

Ж.т.=жалпы кіріс жоспары x жалпы табыс жоспарының деңгейі/ 100%

Тоқсандар бойынша бөлу

- Жоспарлы табысты тоқсандар бойынша бөлу кезінде әрбір тоқсанға болжанған жалпы кіріс (сату көлемі) туралы мәліметті пайдаланады.

Таза (экономикалық) табыс = жалпы табыс – жалпы шығын

Ол екі көрсеткіште есепке алынады және жоспарланады:

- 1) ақшалық мәнде;
- 2) деңгейі бойынша, яғни таза (экономикалық) табыс сомасының жалпы табыс сомасына пайыздық қатынасы.